

## **Д АТА ЗАҢ**

1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Конституция әрбір қазақстандықтың санасында Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданған тарихи күнмен байланысты. Ол еліміздің демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде даму бағытына бұрылыс нүктесі болды. Оның негізінде адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының үстемдігі, Қазақстанда қуатты мемлекет құру идеясы жатыр. Конституциямыз, Қазақстан қоғамының тарихи жағдайларын, қазіргі заманғы үрдістерін, әлемнің анағұрлым озық елдерінің конституциялық құрылыс тәжірибесін ескереді.

Конституцияның ең жоғары заңды күші бар және республиканың бүкіл аумағында ол тікелей қолданылады. Негізгі Заңда мемлекеттің ең қымбат қазынасы-адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары екендігі айтылған.

Республика қызметінің түбегейлі принциптері: қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық; бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму; қазақтандық патриотизм; мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе Пар-

# **ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ КЕЛІСІМНІҢ РАСТАМАСЫ**

ламентте дауыс беру арқылы шешу.

Біз осы актімен әлем картасында жаңа мемлекеттің - болашақ Қазақстан Республикасының негізі қаланды деп мақтанышпен айта аламыз. Тарихта және әлемдік практикада қазіргі заман үшін осындай маңызды оқиғалар өзінің қоғамдық-саяси және тарихи маңыздылығына байланысты әрқашан маңызды мерекелерге айналды. Осы оқиғаны тану негізінде белгілі бір мемлекеттің халқы құрылды, тәуелсіз мемлекеттің атрибуттары пайда болды, оның халқы азаматтық бірегейлендірілді.

Өзінің ауқымы бойынша бұл тарихи оқиға - мемлекет пен қоғамның негізгі заңы, ал біз үшін кішкентайдан үлкенге дейін - жалпы өз ауқымы бойынша жалпыұлттық болып табылатын мемлекеттік мереке. Шынында да, «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы N 267 Заңымен бұл күн мемлекеттік мерекеге жатқызылды. Осылайша, Конституция күні мемлекеттік деңгейдегі мереке болып табылады.

Адами келісім мен бейбітшілікке ұмтылу әрбір қазақстандықта өмір сүреді. Қазақстанда адамдар, әлеуметтік топтар арасында қалыптасқан достық қатынастар жалпыұлттық келісімді прогрестің қажеттілігі мен маңызды факторы ретінде айқындайтын объективті жағдайлар жасады.

Қазақстан бүкіл әлем алдында тең құқықты 130 ұлттың тату отбасын білдіреді. Әрбір қазақстандықтың өмірі - бұл біздің республика тарихының шағын бөлшегі, бұл жаңарып келе жатқан қоғам адамдарының психологиясын сипаттайтын қағидаттарға негізделген жалпыұлттық келісімнің растамасы.

Экономикалық және әлеуметтік реформалар ілгерілеп, жақсарған сайын, азаматтарға жаңа бостандықтар берілуі, олардың ұлттық сана-сезімнің өсуімен, өздерінің тарихи тамырына деген қызығушылығымен және өзінің тарихын қайта бағалауымен барған сайын айқын көрінеді.

Қ а з а қ с т а н д а ғы бейбітшілік пен келісім - осында тұратын адамдардың жоғары мәдениеті мен даналығының, санасының және де мемлекеттің сындарлы және көреген ұлттық саясатының нәтижесі. Әртүрлі этникалық құрам - Қазақстан Республикасының ерекшелігі, бұл біздің қоғамды этносаралық қақтығыстардан қорғайтын адамдардың ерекше қоспасын қалыптастырды.

Қазақстан Республикасы 30 жылдың ішінде аяғынды нық тұрған, дамуында үлкен жетістіктерге жеткен мемлекетке айналды.

**Қ. САРЫҚҰЛОВ,**  
**М.Әуезов атындағы**  
**ОҚУ-нің «Заң»**  
**факультетінің деканы,**  
**заң ғылымдарының**  
**кандидаты, доцент**